

необходимость по новому осмыслить сложившиеся традиционные концепции языковой политики и языковой ситуации [7].

В заключении еще раз отметим, что во все времена на сцене мировой культуры и связи определенные языки служили и служат средством общения разных народов. Слово является кусочком реальности, пропущенной через призму культурной картины мира. Это очень глобально и важно, поскольку поддержание мира и согласия во всем мире является главным способом прогресса в культуре. Межэтническое согласие и дружба народов всегда была и остается самой актуальной темой во всей Вселенной. Коммуникативная связь между ними – уникальная модель взаимопонимания в межкультурной коммуникации.

#### Список литературы:

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М.: 1990.– 120 с.
2. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: Высшая школа, 2005. – 310 с.
3. Нурпеисова С.К. Роль языков в межкультурной интеграции студентов //За политехнические знания: КарТУ. - 2021. - №3. - 11с.
4. Чан Динь Лам. Полиязычное образование – важнейшая стратегия развития Казахстана // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 7. – С. 130-132.
5. Джуманова Л.С. Тугамбекова М.А. Полиязычное образование студентов в Казахстане//Международный журнал экспериментального образования. – 2019. – № 3. – С. 41-45.
6. Темирханова Г.А. Полиязычие, как один из приоритетов современного образования: состояние перспективы [Электронный ресурс] // 2018. -16марта
7. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.

#### Габдуллин Талгат Галиоллаевич

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
магистранты

Ғылыми жетекшісі:  
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
С.А.Кенжеғалиев

#### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НӨЛДІК ФОРМА МӘСЕЛЕСІ

Қазақ тіл білімінде кейбір грамматикалық формадағы сөздер грамматикалық көрсеткішсіз-ақ нөлдік формада қолданылады. Нөлдік форма термині ғылымда нөлдік жалғау, нөлдік морфема, нөлдік форма, нөлдік қосымша, нөлдік таңба тағы сол сияқты терминдермен белгілі болды. Нөлдік форма ұғымының пайда болуына Женева лингвистикалық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, Швецария лингвисті Фердинанд де Соссюрдің тілдік таңба теориясы негіз болды. Фердинанд де Соссюр грамматикалық мағына білдіруші көрсеткіші жоқ сөз формасы басқа сөз формаларымен салыстыру арқылы, солардан өзгешелігі арқылы танылады деп білген.

Нөлдік форма жайлы мәліметтер алғаш ресейлік лингвист, профессор Ф.Фортунатов еңбектерінен бастау алады. Ол атау септік формасын ең алғаш рет басқа септік формаларымен бірдей грамматикалық мағына бере алатын, көрсеткіші жоқ нөлдік форма деп таныған.

Тіл білімінде нөлдік форма теориясы 1960 жылдардан бастап ғылыми айналымға түсті. Орыс ғалымдары Ю.С.Маслов, П.С.Кузнецов, И.П.Иванова, А.М.Пешковский т.б. ғалымдар нөлдік форма туралы пікірлерін ортаға салып, әртүрлі терминдер ұсынған болатын.

Қазақ тіл білімінде лингвистика облысындағы танымал Ш.Х.Сарыбаев, Н.Т.Сауранбаев, Ә.Төлеуов, А.Ысқақов т.б. ғалымдар еңбектерінде септік жалғауларының тасалануы, септік жалғауларының ашық, жасырын қолданылуымен байланысты айтылып келді. Аталған ғалымдардың ой-пікірлері ғылыми мақалаларда, қазақ тілі оқулықтарында жарық көрді. Бұл тілдік ерекшелікті ғалымдар ертеден-ақ байқаған.

Қазақ тілінде нөлдік форманы Ы.Маманов, С.Исаев, Н.Оралбаева, Ж.Балтабаевалар сияқты ғалымдар арнайы зерттеген. Ғалымдар еңбектерінде бұл тілдік құбылыс алдыңғы аталған ғалымдар

еңбектеріндегідей септік жалғауларының тасалануы немесе ашық, жасырын қолданылуы тұрғысынан емес, нөлдік морфема терминдерімен аталады.

Ы.Маманов еңбектерінде нөлдік формаға ілік, барыс, табыс септіктерінің жасырын формалары мен бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрін жатқызылады. Ал атау септікті бұл қатарда қарамайды. Н.Оралбаева мен С.Исаев еңбектерінде атау септік нөлдік форманың ең бірінші элементі болып табылады. Аталмыш ғалымдар септіктердің жасырын формаларын, тәуелдік жалғау (біздің ауыл), жіктік жалғаудың үшінші жағын, 2-жақ жекеше, бұйрық рай формасын нөлдік форма деп анықтайды.

Сөз мағынасының өзгеруі өзінен-өзі пайда болмайтыны, ол тілдегі қалыптасқан тәсілдердің нәтижесіндегі құбылыс екені белгілі. Тілде әрбір грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық форма арқылы беріліп отырады. Ал кей жағдайда ешбір грамматикалық формасыз да мағына айқын білініп тұрады. Айырмашылық, ол грамматикалық мағына түбір білдіретін жалпы грамматикалық мағынадан бөлек мағына екендігінде. Арнайы грамматикалық көрсеткіші, тұлғасы болмай, формасы көрінбей, сөйлемде белгілі бір қызмет атқаруы арқылы грамматикалық мағынаны білдіретін нөлдік форманы немесе формасыз форма деп атайды. Яғни, нөлдік форма басқа да грамматикалық формалар сияқты өзіне тән белгілі бір жеке грамматикалық мағынасы бар парадигмалық түрлену жүйесінің бір түрі болатын, сөздің грамматикалық құрылысында өзінің байланыстырушылық қызметін толық атқаратын, бірақ оны көрсететін арнайы формасы жоқ тұлға, форма, көрсеткіш. Осы қасиеті арқылы бір грамматикалық категорияның басқа да формасы бар түрлеріне қарама-қайшы мәнде, бірлікте келіп бір бүтін ретінде ешбір нақтылы тілдік элементсіз мағынаны өзгертетін, түрлендіретін тілде қалыптасқан басқа да түрлі тәсілдердің қатарына жататын нақтылы морфемалар сияқты категория мағынасын да білдіре алатын, сөз жасауға да қатысатын қызметі бар нөлдік көрсеткіш ретінде, тілдің түрлі саласында өте кең мағынада, әрі кең ұғымда нөлдік жұрнақ, нөлдік жалғау, нөлдік көмекші, нөлдік қосымша атауымен сөздің грамматикалық категорияларының парадигмалық түрлену жүйесінде қолданылатын өзіндік орны бар грамматикалық форма «нөлдік морфема» деп аталады. [1. 32- 52 бб.]

Кейінгі тіл біліміндегі ғылыми зерттеулерде нөлдік форма грамматикалық ұғым аясынан шығып, кең ауқымда қарастырыла бастады. А.Қ.Омарова «Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі» атты докторлық диссертациясында бұл ұғымның сөзжасамға да қатысты тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Зерттеуші аталған еңбекте нөлдік морфеманың семантикалық-функционалдылық ерекшеліктерін ашу мақсатында нөлдік морфеманы грамматикалық нөлдік морфема (септік жалғаулары мен т.б. грамматикалық формалар) және сөзжасамдық нөлдік морфема деп саралап алады. Бұл тілдік бірліктер диссертацияда функционалды-семантикалық аспектіден сипатталады [2].

Септік жалғауларының ашық және жасырын келуін (нөлдік форманы) бірнеше жылдар бойы түркі тіл білімін зертеуші ғалымдары белгілілік-белгісіздік категориясымен байланыстырып келді. Тюркологтардың басым көбі бұл категорияның түркі тілдерінде бар екендігіне түрлі дәлелдер келтіреді. Туыстас түркі тілдері тәрізді қазақ тіл білімінде де бар кейбір сөз тұлғаларының грамматикалық формаларының сөздің ыңғайына қарай ашық түрде жалғанып, не жасырын түрде түсіріліп қолданылатын формаларды ғалымдар: «нөлдік көрсеткіш», «нөлдік форма», «нөлдік элемент», «нөлдік морфема», «нөлдік тұлға», нөлдік» қосымша» т.с.с. түрлі атаумен атап келеді . [3. 92-135 бб.]

Филология ғылымының докторы, профессор Маулен Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында (1961) грамматикалық белгілілік не белгісіздікті мағыналық белгілілік я белгісіздікпен бір деп санауға болмайды. Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі үшін белгілілік-белгісіздіктің грамматикалық тұлғасы мынау дерлік дербес қосымшасы жоқ деген тұжырым жасайды. Алайда ғалым ондай мағыналық айырмашылық қазақ тілінде мүлде жоқ деп айтуға болмайды деген де пікір айтады. [4].

Қазақ тіл білімінің әр саласына қалам тартқан ғалым Ы.Е.Маманов қазақ тілінде белгілілік-белгісіздік категориясы бар деп көрсетеді. Олардың арнаулы грамматикалық көрсеткіштерін де анықтайды. Ғалым табыс, ілік септіктерінің ашық, жасырын келу ерекшеліктерін қазақ грамматикасындағы белгілілік-белгісіздік ұғымымен байланысты қарастыру қажет деген ой-тұжырым ұсынады. Мысалы, ілік және табыс септіктерінің ашық келуі белгілілікті көрсетеді. Осыған байланысты кісі есімін белгілілік деп көрсетеді (Асанның үйі – Асан үйі деп айтылмайды). Ғалымның пайымдауынша, ілік, табыс септіктерінің түсірілмей айтылуы – белгілілік, ал түсіріліп айтылуы – белгісіздік ұғымының көрсеткіші болады. Сондай-ақ, «бір», «біреу» есімдіктері белгісіздік мағынаның көрсеткіші болып табылады деп санайды.

Белгісіздік мағына, ұғым тіл білімінде әлі де кеңірек зерттеуді қажет етеді. Себебі белгісіздік ұғымын «бір», «біреу» сияқты екі-үш сөз бен табыс септіктің жасырын түрімен ғана байланыстыру жеткіліксіз. Белгісіздік ұғымының тілдік табиғатын ашу үшін ең алдымен сөздерді мағыналық жағынан, яғни осы белгісіздік ұғымын білдіруі жағынан талдау жасау керек. Белгісіздік мағынаны барлық сөз таптарына қатысты да айқындауға болады деп есептейміз. Мысалы, зат есім болатын «ағаш» деген сөзде жалпылық, көптік ұғымдармен қатар, белгісіздік ұғым болса, сын есімнің заттанған түрінде ғана белгісіздік ұғым бар (Белсенділер алдыға шықты). Сан есімнің болжалды түрінде (екілер, бестер шамасы) белгісіздік мағына болса, бұл ұғым есімдіктің бірнеше түріне тән.

Жалпы алғанда бұл категория туралы мәселе жеке зерттеуді қажет етеді.

Тіл білімінде нөлдік тұлға ұғымы жайлы ғалымдар пікірлері, олардың нөлдік тұлғаға берген сипаттамасы, нөлдік тұлғаның семантикасы мен қолданыстағы көріну дәрежесі туралы ғылыми тұжырымдар, филолог-педагог мамандығының даярлайтын жоғары оқу орындарында жүргізілетін «Қазіргі қазақ тілі» ғылыми курсының грамматика саласына қатысты пәндердің дәріс, семинар, зертхана сабақтарымен қоса, студенттердің оқытушы басшылығымен өздері орындайтын жұмыстарында жүйелі түрде нақты деректер мен мысалдар арқылы дәлелді түрде ғылыми-теориялық тұрғыда меңгертілу тиіс. [3. 92-135 бб.]

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С. М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, «Рауан», 1998. – 302 б.
2. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалды және семантикалық аспектісі. Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2006. – 282 б.
3. А.Қалыбаева, Н.Оралбаева. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 190 б.
4. Маулен Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» оқулығы. – Алматы, 1961.
5. С.Аманжолов. Септік жалғауының қызметі: Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, Ғылым, 2002. – 368 б.
6. Н.Оралбаева. Сөзді қосымшасыз қолданудың сыры. Кітапта: Сөз өнері. – Алматы, 1978.
5. Ж.Балтабаева. Табыс септік формаларының қолданылуындағы ерекшеліктер. Кітапта: Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983. – 144 б.

#### Темирханова Айгерим Асқаровна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

Филология факультеті КОК-11 тобының студенті

ms.aiko.02@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:

фил. ғыл. канд.,

доцент Қазанбаева А.З.

#### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕРКЕЛЕТУ МӘНДІ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Адамға деген алғысы мен сезімін бір ауыз сөзбен жеткізген қазақтың кейбір сөздерін басқа тілге аудару мүмкін емес. Өйткені дәл қазақ секілді бір ауыз сөзбен жан тебіренісін немесе адамға деген махаббатын ешбір ұлт жеткізе алмаған. Соның бірі өзіміз ең көп қолданатын "айналайын" сөзі.

Ақын Олжас Сүлейменов "Айналайын" өлеңінде:

Айналайын – чудесное слово,

Жаль, что русский его не поймет,

Объяснить я готов ему снова,

Только бедно звучит перевод, – деген.

«Айналайын – мейірімділікке толы сөз» - деп пікір білдірген тарихшы-этнограф Құралай Сәрсембина сөздің төркіні тым тереңде жатыр дейді.

«Айналайын» сөзінің тамыры көне түркі дәуірінен бастау алған. Кәрі кісілер дертке шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін, өздерін құрбандыққа атап, ауру адамды киіз үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстаған екен. Сонымен қатар «сенің жолыңда менің жаным құрбан» немесе «саған келген пәле маған болсын» деген ұғымды да тарихта кездестіруге болады, – дейді этнограф [1,4].

Қазақта бірқатар сөздерді қаратпа сөз ретінде қолданған. Соның бірі ананың көбіне ұлдарына қарата айтатын «шырағым» сөзі. Ол ер бала – болашақта үй иесі, шамшырағы, ошақтың отын